Коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Тіл білімдері кафедрасы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5В073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығына арналған әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2020

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Ғ.Ғ. Шәрібжанова. Кәсіби қазақ тілі. 5В073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығына арналған әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭжБУ, 2020. – 38 б.

Әдістемелік нұсқаулықта мамандыққа байланысты ғылыми-техникалық және лингвистикалық мәтіндер, қажетті әдебиеттер берілген. «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша әдістемелік нұсқаулық 5В073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығы бойынша білім алатын бакалаврларға арналған.

Әдеб. көрсеткіші – 25 атау.

Пікір беруші: ф.ғ.к., доцент Нұрмаханова М. Қ.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2020 жылғы жоспары бойынша басылады.

© Ғұмарбек Дәукеев атындағы «Алматы энергетика және байланыс унверситеті » КЕАҚ, 2020 ж.

Кіріспе

Ұсынылып отырған «Кәсіби қазақ тілі. «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығына арналған әдістемелік нұсқаулық» КК(О)Т – 2201 – Кәсіби қазақ тілі 5В073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығының үлгі оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған (көлемі 2 кредит).

Тапсырмаларды орындаудың негізгі мақсаты - студенттің кәсіби бағыттағы әрекеті барысында туындауы мүмкін әртүрлі жағдайларда қазақ тілін кәсіби түрде пайдалану машықтарын жетілдіру және сонымен қатар болашақ мамандардың коммуникативтік және мәдениетаралық қарым-қатынас жасай білу шеберліктерін дамыту. Сабақ барысында білім алушы шығармашылық белсенділікті, креативті ойлау қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін, ғылыми-техникалық мәтінді игеруге ғылыми тұрғыдан келуге ықпал ететін, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын бекітуге мүмкіндік жасайтын практикалық тапсырмаларды орындайды.

Ұсынылған ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді пайдалана отырып «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқу шеңберінде әдістемелік нұсқаулықта берілген жұмыстарды орындау кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қажет.

Сондай-ақ, ұсынылған тапсырмаларды орындау барысында болашақ мамандар кәсіби сипаттағы ақпаратты хабарлауға, баяндама жасау, пікір алмасу барысында өз пікірін дәлелдей алуға, оқу және арнайы мамандықтар мәтіндері түріндегі техникалық ақпаратты жазбаша аударуға, өз мамандығы шеңберіндегі кәсіби терминдерді игеруге септігін тигізеді.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мағыналық бөліктерге бөліңіз. Әр бөлімге тақырыпат қойыңыз.

Экология тарихының дамуы

Экология (грек сөзінен. «ойкос» - үй және «логос» - ғылым) –тірі ағзалардың және олар өмір сүретін қоршаған ортамен байланыстыратын шарттарды зерттейтін ғылым.

Ең алдымен экология, биология ғылымның құрамалы бөлігі болып дамыған, сонан соң басқа да ғылымдармен – химия, физика, геология, география, математика сияқты ғылымдармен тығыз байланыста болған. *Экология заты* болып иғза және орта араларындағы байланыс құрылымы немесе жиынтығы болып табылады. Экологиядағы зерттемелердің ең басты нысанасы - экожүйе, яғни тірі ағзалар мен қоршаған ортадан пайда болған бірлікті табиғи кешендер.

Соңғы кездері экологиялық талдау нысанасы сияқты биосфера мәні мен рөлі үздіксіз өсуде. Қазіргі экология мәселесіне біріншіден адамның қоршаған ортамен байланысына көп мән берілуде, ол ғылыми-техникалық өзгерістерінің негативті салдарынан, экономикалық, әлеуметтік және мінез-құлық аспектілердің рөлі көп болғандықтан, адамның қоршаған ортаға деген теріс әсері пайда болды.

Экологияның негізгі тапсырмалары:

- экологиялық жүйелердің тұрақтылық теориясын жетілдіру;
- экологиялық механизмдердің ортаға бейімделулерін зерттеу;
- биотикалық механизмдердің сан-алуан ұстанымдарын зерттеу;
- биосферадағы жүргізілетін процестердің тұрақтылығын ұстау мақсатымен процестерді зерттеу.

«Экология және тұрақты даму» пәнінің *негізгі қолданбалы тапсырмаларына* төмендегілер жатады:

- адамзат әрекетінің әсері қоршаған ортаға келетін қауіп қатермен белгісіз болжамдардың болуына себепші болады;
- қоршаған ортаның сапасын жақсарту;
- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және оларды сақтап қалу;
- инженерлік, экономикалық, әлеуметтік және экологияның тұрақты қауіпсіз дамуының қамтамасыз етуін оңтайландыру.

Экологияның стратегиялық тапсырмасы болып табиғат және қоғамның өзара әрекеттесу теориясының дамуы болып есептеледі және де биосфераның ажырағысыз бөлігі болып табылады, ол адам қоғамының қабылдауына негізделген. Экологияның түбірі терең жатыр. Тірі ағзалардың қоршаған ортаға деген қатынасын анықтайтын білімді талап ету бұрын пайда болған.

Экологияның даму тарихын үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – экология (60 ж.дейін. XIX ғ.) ғылым ретінде пайда болуы және қалыптасуы. Бұл кезеңде тірі ағзалардың өмір сүретін орталары жайлы мәліметтер жиналған, алғашқы ғылыми жорамалдар жасалған. Адам өз

ортасын өзгертуге себепші болған от және еңбек құралдарын қалай пайдаланып үйрене бастады, сол кезден бастап мәдениет пайда болды. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығына ауысу адам тарихындағы өте маңызды мәселе болды. Мәдениет дамыған сайын экологиялық танымдар және экологиялық мәселелерде дамыды.

Жан Батист Ламарк (1744 - 1829) «Философия зоологии» деген кітабында қоршаған ортаның ағзаларға деген әсері жайлы алғашқы рет сұрақты кеңінен қойды. Ж. Б. Ламарк өзінің қортындысын былай тұжырымдады: «Шығу тегі бойынша бір түрге жататын, бір ұрпақтан тараған көптеген жеке ағзалар соңында біріншіден айырмашылығы көп жаңа түрге айналады».

Екінші кезең - экологияның дербес ғылым саласы болуы (60 ж. XIX ғ.-50 ж. XX ғ.). Кезеңнің бастапқысы орыс ғалымдарының жұмыстары шығуымен басталған, мысалы К. Ф. Рулье (1814-1858), Н. А. Севецова (1827-1885), В. В. Докучаева (1846-1903) сияқты ғалымдар экологияның түсінігі мен ұстанымдарын негіздеген, олардың жұмыстары қазіргі уақыттада қолданылады. Неміс гидробиологы К. Мёбиус (1877) анықталған орта жағдайларында ағзалардың үйлесімділік заңдылығы сияқты биоценоз түсінігін енгізеді. Экологияның дамуына баға жетпес үлес қосқан Ч. Дарвин (1809-1882). Дарвин ғылымының негізгі бөлігін өмір сүруге деген талпыныс, күрес құрайды. Әр ағза мекендейтін жердің жағдайына тәуелді емес, басқа да қоршаған ортаның тірішілік иелері де тәуелді емес деп Дарвин жазған. Табиғи сұрыптардың нәтижесінде тек қазіргі кездің жағдайына өмір сүре алатын және өзгерістер болған ағзалар ғана сақталады.

Үшінші кезең - (50 ж. XX ғ. –қазіргі уақытқа дейін) экологияны кешенді ғылымға айналдыру, қоршаған және табиғи ортаны қорғау ғылымдары жататын ғылымға айналуы. Экология қатал ғылымнан «география, геология, химия, физика, әлеуметтану, экономика және мәдениет теориялары сияқты салаларын жинаған мәнді білім кезеңіне айналып барады». (Реймерс, 1994).

Әлемде экологияның заманауи даму кезеңі мынадай ірі шетелдік ғалымдармен байланысты: Ю. Одум, Дж.М. Андерсен, Э. Пианка, Р. Риклефс, М. Бигон, А. Швейцер, Т.Миллер, Б.Небел және т.б.

Ресей ғалымдарынан мына ғалымдарды атап өтсек болады И.П. Герасимова, А.М. Гилярова, В Г. Горошкова, Н.Ф. Реймерса, В.В. Розанова, В Д. Федорова және т.б.

1.1 Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырыңыз.

1.2 Берілген мәтіннен терминдерді тауып, түсіндірмесін жазыңыз.

1.3 Мәтіннің тілдік құралдарын анықтаңыз (зат есімдердің қолданылуы, етістіктер, күрделенген сөйлемдер, санамалау әдісімен берілген сөйлемдер).

2-тапсырма. Мәтінді оқып, атаулы сөйлем түрінде жоспар құрыңыз.

Биосфера және оның тұрақтылығы

Биосфера (грек сөзінен. Bios – өмір, sphair – шар, орта) – ғаламшардағы барлық тіршілік иелерінің жиынтығын құрайтын, Жердің сыртқы қиын қабаты. Алғашқы рет «биосфера» термині ғылымға Австриялық геолог 1875 ж. Э.Зюсс енгізді. Ол биосфера түсінігінің астында, жер үстінде өмірдің жұқа қабықшасы жатыр деп ойлайды.

Қазіргі биосфера, бірден пайда болмады, ол эволюцияның ұзақ болған нәтижесінде абиотикалық және биотикалық факторлардың тұрақты өзара байланыстар процестерінен пайда болған. Өмір тіршіліктің алғашқы формалары, анаэробты бактериялар сияқты көрсетілген.

Бірақ, қазіргі заманауи биосфера қалыптасуы үшін биосферада фотосинтезделген автотрофтар-цианобактериялар мен көк-жасыл балдырлар, содан соң шынайы балдырлар мен эукариттер пайда болғаннан бастап, тірі ағзаның рөлі жасампазды және түрлендіргіш бола бастады. Бұл ағзалардың әрекеттері биосферада оттегінің жиналуына әкеліп соқты, ол эволюцияның маңызды кезеңі болып қарастырылуда.

Солармен қатарласып гетеротрофтарда дамыды, ең алдымен жануарлар. Олардың дамуының бастапқы кезеңі болып құрлыққа шығулары және материктерде қоныстанулары және соңғысы адамның пайда болуы.

Биосфера Жердің ішкі қабаты, оған кіретіндер: биіктігі 25-30 км жететін (озон қабатына дейін) атмосфера бөлігі, гидросфера түгелімен және тереңдігі 3 км дейін литосфераның үстінгі бөлігі кіреді.

Олардың ерекшеліктері ғаламшардағы барлық тірі ағзаларды құрайтын тірі ағзалар мекендейтін жер. Биосфераның абиотикалық бөлігінің ара қатынастары – ауаның, судың және органикалық заттардың – биоттар топырақтың пайда болуын қамтамасыз етті. Вернадскийдің айтуы бойынша, соңғылар геологиялық дәуірлер кезінде болған бұрынғы биосфера әрекеттерінің ізін бірге әкеле жатыр.

Биосфера эвоюциясы жайлы В.И Вернадскийдің ойы келесі тығыздалған түрде тұжырымдалған:

1) Ең алдымен литосфера қалыптасқан қоршаған ортаның бар екенін білдірген хабаршы деп айтсақта болады, содан соң құрлықта пайда болған өмір – биосфера.

2) Жердің бүкіл геологиялық тарихында азойлы геологиялық дәуірлер (яғни,өмірде жоқтар) қарастырылмаған. Демек, қазіргі тірі ағза бұрынғы геологиялық дәуірдегі тірі ағзамен генетикалық түрде байланысты.

3) Тірі ағзалар – жер қабатындағы химикалық элементтердің өрістеуінің маңызды факторы, «шектен асса, 90% тірі ағзаның салмағы бойынша ол өмір тіршілігімен қамтамасыз етілген» (В.И. Вернадский, 1934).

4) Ағзалардың жойқын геологиялық әрекеттерінің салдарынан олардың сандары шектеусіз және олар уақыт аралығында шектеусіз әсер етеді.

5) Биосфераның даму процессіндегі негізгі қозғаушы фактор болып, тірі ағзаның биохимикалық энергиясы болып табылады.

2.1 Берілген мәтіннен терминдерді тауып, түсіндірмесін жазыңыз.
2.2 Мәтіннің тілдік құралдарын анықтаңыз.
2.3. Мәтін бойынша екеуара диалог құрастырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Тұрақты дамудың концепциясы

Тұрақты дамудың концепциясы қоршаған орта және дамуы бойынша БҰҰ Конференциясынан (Рио-де-Жанейро, 1992 г.) кейін табиғат қорғау лексиконына кірді. Алғашқы анықтағыш бойынша, тұрақты даму «болашақ ұрпақтар – қазіргі ұрпақтар сияқты тіршілік қажеттілігіне қанағатсыз болса, онда олар модель қозғалысы» деген пікір қалыптасады.

Рио де Жанейрода өткен жаһандық экологиялық форумда экологиялық-экономикалық байланыстың үздіксіз екенін біле тұра келесі негізгі принциптер қалыптасқан:

- экологиядан экономикалық дамуды бөлектесек онда ғалам шөл далаға айналады;

- экономикалық дамусыз экологияға сүйенсек, онда ол кедейлік пен әділетсіздікке әкеледі.

Қоғамның тұрақты дамуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігімен қамтамасыз ете алады, ол еш зиянсыз болашақ ұрпақтарға да қатысты ерекше айтылып кеткен.

Тұрақты дамудың негізгі принциптері:

1) Адамдардың пайдалы және игілікті өмір сүру құқықтары бар, табиғатпен үйлесімді өмір сүру құқықтары бар.

2) Қоршаған ортаны қорғау, даму үрдісінің ажыратылмайтын бөлімі сияқты.

3) Қалай қазіргі ұрпақты қажеттіліктерін жағымды қоршаған ортада қанағаттандырдық, солай болашақ ұрпаққа да жасау қажет.

4) Әлемдік халықтар арасындағы тіршілік деңгейінің айыруын азайтсақ, әрбір елдегі байлар мен кедейлер арасындағы айыруды тоқтату қажет.

5) Табиғат қорғау заңдылығын жетілдіру.

6) Тұрақтылық дамуына жатпайтын, өндіріс және пайдалану моделі. Осы жағдайларды қорытындылай келе, Қазақстанның тұрақтылық дамуына ауысуына келесі бағыттар қабылданған:

- істе тұрған заңдылыққа қоса, тұрақты даму ауысуына сәйкес, құқық негізін жасап жетілдіру қажет;

- биосфера ресурстарын жабдықтаушы ретінде емес, ол оны тіршіліктің іргесі ретінде қабылдау қажет, оның сақталуы сөзсіз жағдай бола тұра онда олардың шаруашылық істің ынталандыру жүйесін жетілдіріп және оның экономикалық нәтижесіне жауапкершілік шегін орнату қажет; елдің жергілікті және аймақтық экожүйелерінің шаруашылық сыйымдылығының бағасы және оған әсер ететін антропогендік әсерді анықтау; тұрақты даму ұйымының

тиімді жүйесінің қалыптасуы және оған сәйкес тәрбиелеу және оқыту жүйесін жетілдіру. Тұрақты дамудың деңгейлері:

- жергілікті;
- аймақтық;
- мемлекеттік;
- мемлекетаралықты;
- жаһандық.

Тұрақты дамудың факторлары:

- экологиялық;
- экономикалық;
- әлеуметтік.

Рио де Жанейрода қоршаған орта және даму бойынша, БҰҰ Конференциясында негізгі құжаттарға қол қойып, Қазақстан басқа елдермен бірдей, тұрақты даму саласына ауысу қызметтестігіне жауапкершілікті қабылдады. Қазақстанда өткен жылдары үшін ірі экономикалық түрлендірулер мен қайта құрылуы жүзеге асқан. Елдің дамуын анықтайтын және ол тұрақты даму принципіне негізделген стратегиялық құжаттар жетілдіріп қабылданған барлық қазақстандықтардың жағдайын жақсарту және олардың қауіпсіздігі.

1997 жылы Республикада алғаш рет стратегиялық жобаның тәсілдемесі қолданды 2030 ж. дейін елдің ұзақ мерзімдік даму стратегиясы жетілдіріп қабылданды; солардың ішінде ең басты басымдық болып қазақстандықтардың өмір тіршілік деңгейлерін көтеру және жағдайларын жақсарту болып келеді; қоршаған орта жағдайының сапасын тұрақты ету; болашақ ұрпаққа табиғи ресурстарды сақтау.

3. 1 Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтар қойыңыз.
3. 2 Мәтіннің тілдік құралдарын табыңыз.
3. 3 Мәтінді қысқартып, түрлендіріп мазмұндаңыз.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Табиғи ресурстар және табиғи қорларды тиімді пайдалану

Табиғи ресурстар – бұл табиғат құбылыстары мен нысаналарын, оны адам өзінің материалдық игіліктері үшін пайдаланады,ол тек адамзаттың өмір сүруін қамтамасыз етіп қана қоймай, бірте-бірте өмірінің жағдайын жақсарту үшін қолданады. Табиғи ресурстар – бұл табиғат құбылыстары мен нысаналарын, оны адам өзінің материалдық игіліктері үшін пайдаланады,ол тек адамзаттың өмір сүруін қамтамасыз етіп қана қоймай, бірте-бірте өмірінің жағдайын жақсарту үшін қолданады.

Табиғи ресурстардың классификациясы.

Классификация негізінде үш белгі жатыр: шыққан жері, өндірісте қолдануы бойынша және ресурстардың таусылу дәрежесіне қарай бөлінеді.

Шыққан жері бойынша ресурстар биологиялық, минералды және энергетикалық болып бөлінеді.

Биологиялық ресурстар – бұл биосфераның барлық тірі ағзалар ортасын құрайтын компоненттер: продуценттер, консументтер және редуценттер, олар генетикалық материалдармен байланған (Реймерс, 1990).

Оларға өнеркәсіптік нысаналар, мәдениетті өсімдіктер, үй жануарлары, әдемі ландшафтар, микроағзалар және т.б мұнда өсімдік ресурстары, жануарлар ресурстары да жатады.

Минералды ресурстар – литосфераны құрайтын заттарға пайдалануға жарамды, шаруашылықта минералды шикізат немесе энергия көзі ретінде қолданылады. Минералды шикізаттан металдар шықса онда ол кен болуы мүмкін, ал егер, метал емес компоненттер шықса (фосфор және т.б), онда ол кен болмайды немесе ол құрылыс материалдары сияқты қолданылады. Егер минералды байлықтар жанармай ретінде қолданса (көмір, мұнай, газ, торф, ағаш, атом энергиясы) және де бір уақытта бу және электр алу үшін оны қозғалтқыш энергиясының көзі ретінде қарасақ, онда оны отын-энергетикалық ресурстар деп атаймыз.

Энергетикалық ресурстар деп – күн және ғарыш энергияларының, атом-энергетикалық энергияларының, отын-энергетикалық энергияларын термальдік және басқа көзден алынған энергиялар жиынтығын атаймыз.

Өндірісте қолдануы бойынша ресурстар жіктеледі:

1) Жер қоры – барлық елдің және әлемнің жерлері өздерінің белгіленген категорияларына жатады: ауыл шаруашылығы, елді мекен, ауыл шаруашылығына арналған емес (өнеркәсіп, транспорт, таулы өнім және т.б), әлемдік жер қоры – 13,4 млрд га құрайды.

2) Орман қоры – жер қорының бөлігі, орман шығып келе жатқан немесе орман бола алатын жер, ауыл шаруашылығын жасау үшін бөлініп шықты және ерекше қорғалатын жерлердің бірі, ол – биологиялық ресурстардың бөлігі болып келеді; су қоры – жер астындағы және жер үстіндегі сулардың саны олар әтүрлі шаруашылыққа қолдануы мүмкін (тұщы су ресурстары көп мәнді, негізгі су көзіне өзен сулары жатады).

3) Гидроэнергетикалық ресурстар оны өзен бере алады, мұхиттың көтеріліп – басылуынан пайда болатын су.

4) Фауна ресурстары – экологиялық теңдікті бұзбай пайдалана алатын адам әрекеті, ормандарды, суда мекендегіштерді, саяз жерлердің саны.

5) Пайдалы қазбалар – (кен, кен емес, отын-энергетикалық ресурстары) – шаруашылықта пайдаланатын, жер қабатында жиналып қалған табиғи минералдар, ал пайдалы қазбалардың жиналуы орындарында кен орны пайда болады, олардың сақтаулы қорлары кәсіпті мәнді болуы қажет.

Таусылу дәрежелері бойынша ресурстар төмендегілерге бөлінеді:

1) Сарқылмас ресурстар – тікелей күн энергиясы және күннен пайда болған табиғи күштер, мысалы жел және су көтерілісі мәңгі қалады және олар шектеусіз бола береді.

2) Таусылғыш ресурстар – шектеулі мөлшерде, егер кейбіреулеріне адам көмегі арқылы табиғи мүмкіндіктерді қолданса (суды, ауаны жасанды түрде тазарту, топырақтың құнарлығын жоғарылату, жабайы жануарлардың басын көбейту және т.б) онда ол қайта жаңарады.

Қарқындылық және жылдамдық негізінде пайда болған табиғи тауысылғыш ресурстар келесі топшаларға бөлінеді:

а) қайта жаңармайтын, оларға жататындар:

- олар бәрімізге белгілі, кен орын үдерісінің үздіксіз бола бергені нәтижесінде, жер қабатының қойнауында пайда болған, бірақ олардың жиналған масштабтары болмашы, ал пайда болу жылдамдықтары көптеген он және жүз миллион жыл өлшенеді (мысалы тас тәріздес көмір жасын 350 млн. жыл санайды) оларды шаруашылық есептерде санауға болмайды;

- жер ресурстары табиғи түрде, үстіңгі қабаттың морфологиялық құрылымы (яғни рельеф) елеулі түрде,кеңістікті алу үшін, шаруашылық ісіне әсер етеді. Бірақ бұзылған жерлер (мысалы мансап үшін) ірі өнеркәсіптік немесе азаматтық құрылыста бұзылған жер өзінің табиғи түріне қайта келмейді;

б) қайта қалпына келетін ресурстарға төмендегілер жатады:

- өсімдік әлемінің ресурстары;

- жануарлар әлемі.

Екеуі де тез қалпына келеді, және табиғи көлемдері де жақсы және нақты есептеледі. Сондықтан ормандағы ағаш қорын, шалғын және жайлаудағы шабынды шөптер, жабайы жануарлардың шектен шықпаған кәсіптерін шаруашылықта қолданысқа қорықпай пайдалана беруге болады, жылдық қалпына келтіру ресурстардан аспайды, ресурстардың азаюынан түгелдей құтылуға болады;

в) толық қалпына келмейтін ресурстар.

Дегенмен кейбір ресурстар қалпына келеді, бірақ қалпына келген көлемдері, шаруашылыққа қажетті көлемінен аз. Ресурстардың осындай түрлері осал болып келеді және олар адам жағынан күтімді, бақылауды талап етеді.

Қалпына келетін ресурстарға табиғатта тапшылықты болып келетін байлықтар жатады:

- құнарлы пайдалы-жыртатын алқаптар;

- көп жастағы,пайдалы теректері бар ормандар;

- аймақты аспектегі су ресурстары.

4.1 Мәтін мазмұны бойынша сұраулы сөйлемдер түрінде жоспар құрыңыз.

4. 2 Мәтіннің тілдік құралдарын анықтаңыз.

4. 3 Өз өлкеңіздің табиғат ресурстары жөнінде әңгімелеңіз.

5-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Табиғат қорын тиімді пайдалану принциптері

Табиғат қорын пайдалану – табиғи ресурстар мен табиғи жағдайларды пайдалану жолымен материалды және мәдениетті тұтынушылықты қанағаттандыруға бағытталған қоғамдық-өндірістік іс.

Реймерс (1992) бойынша табиғатты пайдалануға төмендегілер жатады:

- табиғат ресурстарының қайта қалпына келтіру және қорғау;
- адам өмір тіршілігіне табиғат жағдайларын қорғау және пайдалану;
- табиғи жүйелерінің экологиялық теңдігін қалпына келтіру және сақтау;
- адам санын және адамды реттеу.

Ең маңызды болып өмірді қамтамасыз ететін табиғат қолдану формасы, онда демалуға арналған ауаны пайдалану, ішуге арналған су, қоректенуге арналған өсімдік және жануарлар әлемдері жатады.

Табиғатты пайдалану формасы екі түрде жүзеге асады: жалпы және арнайы.

Жалпы табиғат қолдану арнайы рұқсатты талап етпейді (су, ауаны қолдану).

Арнайы табиғат қолдану жеке және заңды тұлғаларға өкілетті мемлекеттік органдардың рұқсатымен жүзеге асады.

Адамның шаруашылық іс-әрекеті салдарынан төмендегілерді анықтайды:

- тиімсіз;
- тиімді табиғат қолдану.

Табиғатты тиімсіз қолдану табиғи – ресурстар потенциалын сақтауға қамтамасыз етпейді, табиғат ортасының жағдайы нашарлауына әкеліп соғады, табиғат жүйелерінің ластануына және жоғалуына септігін тигізеді, экологиялық теңдік және экожүйе бұзылады.

Табиғатты тиімді қолдану табиғи ресурстардың потенциалын максималды түрде сақтап қалу мүмкіндігі бар екенін, табиғат байлықтарын пайдалануға ғылыми дәлелденген теория бойынша пайдалану, ал минималды бұзылу кезінде экожүйенің өзін-өзі реттеу және өзі қалпына келу қабілеттілігіне ие болып келеді.

5.1 Мәтінге атаулы сөйлем түрінде жоспар құрыңыз.

5.2 Мәтіннің тілдік құралдарын анықтаңыз.

5.3 Мәтін бойынша «ненің салдарынан не болады; не неге әкеліп соғады» құрылымымен келген сөйлемдерді табыңыз және осыған ұқсас сөйлемдер құрастырыңыз.

6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Атмосфералық ластанудың көздері мен түрлері

Белгілі бір ортада сол жерге тән емес жаңа физикалық, химиялық және биологиялық заттардың болуын немесе бұл заттардың табиғи орташа көпжылдық деңгейден жоғары болуын ластану деп атаймыз. Атмосфераның ластануы табиғи (жанартаулар атқылауы, орман өрттері, шаңды құйындар, үгілу) және антропогенді (өнеркәсіптер, жылу энергетикасы, ауыл шаруашылығы) жағдайда жүруі мүмкін.

Атмосфераның табиғи жолмен ластануы жанартаудың атқылауына (Жер шарында бірнеше мың жанартау бар, олардың 500-ден астамы белсенді), тау жыныстарының үгітілуіне, шаңды дауылдардын тұруына, орман өрттеріне (найзағай түскенде) теңіз тұздарының желмен аспанға көтерілуі мен ауадағы сулы ерітінді тамшыларының құрғауына, өлген организмдердің іріп-шіруі процестеріне байланысты. Атмосфераны табиғи жолмен ластайтындарға аэропланктондар яғни, әртүрлі ауру қоздыратын бактериялар, саңырауқұлақ споралары, кейбір өсімдіктердің тозаңдары, сонымен қатар космос шаң-тозаңдары жатады. Космос шаңы атмосферада жанған метеориттер қалдықтарынан пайда болады. Секундына атмосфера арқылы үлкен жылдамдықпен (11-ден 64 км/сек дейін) 200 млн-ға жуық метеориттер ауа қабатынан өтіп отырады да, 60-70 км биіктікте көбісі жанып үлгереді. Жыл сайын жерге 2-5 млн тонна космостық шаң түсіп отырады. Табиғи шаң да Жермен жанасқан атмосфераның құрамдық бөлігіне жатады. Ол ауада қалқып жүретін радиустары 10^{-16}-10^{-5}м шамасындағы бөлшектерден тұрады. Атмосфераның төменгі қабаттарын шаңмен ластайтын көздердің арасында шөлді дала мен басқа да сусыз даланы айрықша атап кетуге болады. Атмосферадағы шаң буды суға айналдырумен қатар, күн радиациясын тікелей сіңіреді және тірі организмдерді күн сәулесінен қорғайды. Заттардың биологиялық жолмен ыдырауы көп мөлшерде күкіртті сутектің, аммиактың, көмірсутектерінің, азот оксидтерінің, көміртегі оксиді мен диоксидінің және т.б. түзілуіне және олардың атмосфераға түсуіне апарады. Атмосфералық ластануға табиғаттың алапат құбылыстарының қосатын үлесі айтарлықтай.

Жанартаулар атқылағанда атмосфераға бірқатар химиялық ластағыштар – сынап, мышьяк, қорғасын, селен түседі. Ірі орман өрттері салдарынан да атмосфера көп мөлшердегі шаңмен ластанады.

Кейбір ғалымдардың айтуынша, қазіргі кездегідей ауа райының ыстық болуы шамамен 55 млн жылдай бұрын да болған. Солтүстік теңізде, қазіргі Норвегия аумағында геологиялық авария болып, жанартау лавалары үлкен мұнай қабаттарының астына енген. Нәтижесінде атмосфераға 2 млн тоннаға жуық буланған мұнай өнімдері бөлінген. Сол кездегі осы жағдай неге алып келгені, қанша уақытқа созылғаны белгілі. Атмосфералық ауадағы сол шаңды күлдер 200000 жылға созылған еді. Қазіргі үрдіспен алдағы 20 жыл ішінде атмосфераға тағы да осындай мөлшерде ластауыштар бөлінетін болады.

Атмосфералық ластанудың антропогендік (жасанды) көздеріне өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу энертетикасы, тұрғын үйлерді жылыту жүйелері, ауыл шаруашылығы және т.б. жатады. Тек өндірістік кәсіпорындардың ғана қоршаған ортаға әсер етіп ластауын мынадай негізгі түрлерге белуге болады: шикізат, материалдар, құрал-жабдықтар, отын, электр энергиясы, су, қалдықтар. Атмосфераға таралатындар: газ, бу, ауа тозаңы, энертетикалық шу, инфрадыбыс, ультрадыбыс, діріл, электромагнитті өріс, жарық, ультракүлгін және лазерлі сәулелендірулер және т.б. Ауаны ластайтын компоненттердің химиялық құрамы отын-энергетика ресурстарының және өндірісте қолданылатын шикізаттың түріне, оларды өңдейтін технологияға байланысты болады. Атмосфераға бөлінетін 52 Гт әлемдік антропогендік шығарындының 90%-ын көмір қышқыл газы мен су буы құрайды (бұлар әдетте ластағыштар қатарына кіргізілмейді). Техногенді шығарындылардың құрамында бірнеше мыңдаған қосылыстар кездеседі. Бірақ олардың ішінде ең көп мөлшерде яғни, тонналап атмосфераға шығарылатындыларға қатты бөлшектер (шаң, түтін, күйе), көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, азот оксидтері, фосфор қосылыстары, күкіртті сутек, аммиак, хлор, фторлы сутек жатады.

6. 1 Мәтіндегі таныс емес сөздер, терминдердің түсіндірмесін жазыңыз.
6. 2 Мәтінге хабарлы сөйлем түрінде жоспар құрыңыз.
6. 3 Мәтінді қысқартып мазмұндаңыз.

7-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Атмосфералық ауаның нормативті сапасы

2002 жылы 11 наурызда «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл заң әрбір қазақстандыққа қоршаған ортаны ластағаны үшін кәсіпорынды сотқа беруге мүмкіндік береді. Республиканың атмосфералық ауасына жыл сайын үш жарым мың тоннадан астам зиянды заттар шығарылады. Қазақстан 1992 жылғы Рио-де-Жанейро Декларациясында 6-қағидасымен бөліп көрсетілген экологиясы неғұрлым нашарлаған елдердің қатарына жатқызылған.

Атмосфералық ауаның сапасының нормативына келесілер жатады:

а) атмосфералық ауаның сапасының гигиеналық нормативі – қазіргі кезде тұрғындар денсаулығын сақтау және нығайту көп жағдайда қоршаған ортадағы нысандардың сапасына да байланысты екендігі мәлім. Адамның тіршілік ететін ортасының жағдайын жақсарту қазіргі уақытта дамыған қоғамның алдыңғы қатарлы міндеттерінің біріне жатады Ауа сапасын негіздеу арқылы гигиеналық бағалау үшін олардың тұрғындар денсаулығына тигізетін қауіп-қатерін бағалау қажет;

б) атмосфералық ауаның сапасының экологиялық нормативі – атмосфералық ауада зиянды (ластаушы) заттың ең көп мөлшерде бар екендігін көрсететін атмосфералық ауаның сапасының өлшемі;

в) атмосфералық ауаға әсер етуші шектік ықтималды нормативі – атмосфералық ауаға әсер ететін физикалық әсердің нормативі ол атмосфераға жоғары деңгейде физикалық әсер етеді, сондықтан адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейді;

г) атмосфералық ауаға әсер етуші зиянды шектік ықтималды нормативі – барлық көздерге орнатылатын норматив, ол вибрациялық шу, электромагниттік және атмосфералық ауаға физикалық әсерін тигізеді, соның әсерінен атмосфералық ауада шектік әсер ету деңгейі жоғарыламайды;

д) атмосфералық ауадағы шектік (ластаушы) зиянды концентрация деңгейі – атмосфералық ауадағы бір немесе бірнеше (ластаушы) зиянды заттардың әсерін көрсететін көрсеткіш, зиянды заттар деңгейі көтерілсе адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер етеді;

е) жол берілетін шекті шығарынды (ЖШШ), уақытша келісілген шығарынды (УКШ**)** – ауаның жер бетіндегі қабатында көзден немесе олардың жиынтықтарынан шығатын ластағыш заттардың құрамы тұрғын халыққа, аңдар және өсімдік әлеміне арналған ауа сапасының нормативтерінен аспауы керектігі шарттарынан туындайтын ғылыми-техникалық норматив. ЖШШ нормативі г/сек ж/т атмосферадағы ластанған көздердің әр қайсысына орнатылады және өндірісте жүргізілген есептің қорытындысы ЖШШ бойынша орнатылған немесе бекітілген ретпен жүзеге асады. ЖШШ мен УКШ 5 жылда бір рет қаралып отырады. Рұқсат берілгенде ғана норматив бойынша атмосфераға қалдықтарды төгуге рұқсат беріледі.

7. 1 Мәтіндегі термин сөздерді теріп жазып, түсіндірмесін беріңіз.
7. 2 Мәтннің тілдік құралдарын анықтаңыз.
7. 3 Мәтін мазмұны бойынша жұп болып диалог құрастырыңыз.

8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Шектік рұқсат етілген концентрациясы және су қоймаларындағы зиянды заттар құрамы

Су қоймасындағы судағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы деп тұтану мақсатында (ішуге, тағамға пайдаланғанда, тазалық мақсатында және демалысқа) және адам ағзасына кері әсерін тигізбейтін су қоймадағы биологиялық оптимумды бұзбайтын заттарды айтады.

Су қоймаларды халықшаруашылық маңызы мен тұтыну мақсатына қарай 2 топқа жіктейді.

1) Ауыз су мен мәдени тұрғыдағы су қоймалар.

2) Балық шаруашылығы мақсатындағы су қоймалар.

Жақын маңдағы суды пайдаланатын тұрғылықты мекеннен ұзындығы 1 километр, ал су ағып шықпайтын су қоймаларда радиусы кемінде 1 километр жерде орналасқан бірінші типті су нысандарындағы судың құрамы мен

қасиеті нақты нормаларға сәйкес келуі керек. Су жайылып ағып шықпайтын жерде кемінде 500 метр, ал су жайылып ағып шығатын екінші типті су қоймалардағы судың құрамы мен қасиеті ағып шығатын сулардың нормасымен сәйкес келуі мүмкін.

Улы және зиянды заттар шекті рұқсат етілген концентрация ШРЕК бойынша нормалануына байланысты өзіндік құрамы бойынша әртекті болады.

400-ден астам зиянды заттар үшін ауыз су және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы қоймаларда, сонымен қоса 100-ден астам зиянды заттар үшін балық шаруашылық мақсатындағы қоймаларда шектік рұқсат етілген концентрациялар орналасқан. Ауыз су және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы қоймаларда ЛПВ-ның 3 түрін қолданады: санитарлы-токсикологиялық және балық шаруашылығы.

8.1 Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтар құрастырыңыз.

8.2 Мәтіндегі сан есімдерді тауып, тіркескен сөзімен жазыңыз. Сан есімнің тағы қанда мағыналарда қолданылатынын оқытушының көмегімен анықтап, бірнеше мысал жазыңыз.

8.3 Ауыз судағы зиянды заттардың адам ағзасына әсері туралы ақпарат беріңіз.

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Топырақты қорғау

Топырақ – қоршаған табиғи ортадағы маңызды компаненттердің бірі. Оның барлық арнайы экологиялық функциялары оның ортақ бір көрсеткішіне негізделеді яғни, ол топырақ құнарлылығы. Егістіктен негізгі (дән, көкеністер, тұқымды өнім және т.б) және кері (жапырақ, сабан, тамырлы өсімдік жапырағы) өнім, адам ағзасында әрдайым биологиялық зат алмасу болып тұрады, топырақтың өзін регуляциялауға қабілетін жойып, өнім беруін төмендетеді.

Топырақтың деградациялануына көптеген себептер алып келеді, оларға антропогенді мінездемелер себепші.

Топырақтарға антропогенді әсер етудің негізгі түрлері мыналар:

- эрозия сулы және желді;
- ластану;
- екінші қайтара тұздану және кірлеу;
- бостану;
- өндірістік және коммуналды құрылыстардың жүргізілуіне жерді босату.

Топырақтың эрозиясы (лат аударғанда erosio- желіну) топырақтың беткі горизонталды және желмен көшіп жататын (жел эрозиясы) қабатының немесе су ағындарының (су эрозиясы) бөлігін айтамыз. Эрозия үдерісінің әсерінен бұзылуға ұшыраған жерді эродировалы деп атайды.

Су эрозиясының астарында үрлеу, ауыстыру және жел әсерінен топырақтың майда аз ғана бөлігінің қалып қоюы. Жел эрозиясының қарқындылығы жел жылдамдығына, топырақтың тұрақтылығына, өсімдіктес қабаттың бар болуы басқа факторларға қарағанда рельефтің ерекшелігіне байланысты болады.

Оның дамуына ең алдымен антропогендік факторлар әсер етеді. Мысалы, өсімдіктердің жойылуы, мал шаруашылығының ретсіз жайылымы, агротехникалық өлшемдерді ретсіз пайдалану, эрозиялық үдерістерді қарқынды түрде жүргізеді. Жел эрозиясын шаңды борандардан ажыратуға болады. Қазіргі таңда Қазақстандағы ең ірі шаң көзі – Арал болып есептеледі.

Ғарыштық суреттерден шаң орамаларының Арал теңізінен бастап ары қарай жүздеген километрге созылып жатқанын байқауға болады. Желдің әсерінен көтерілген шаңның жалпы массасы Арал теңізі маңында 90 млн т/г дейін жетеді.

Су эрозиясының астарында уақытша су ағындарының әсерінен бұзылатын қабатты түсінуге болады. Келесі су эрозиясының түрін былайша ажыратады: жазықты, жылғалдық, жағалық, жыралық. Су эрозиясына да табиғи факторлар әсер етеді, ал оның дамуына ең алдымен адам қолымен жасалған әрекеттер және өндіріс ошақтары әсер етеді. Соңғы он жылдықта пайда болған ауыр жаңа топырақты өңдейтін техникалардың пайда болуынан топырақтардың құрамының бұзылуына және су эрозиясының қарқынды жұмыс жасауына басты кедергілердің бірі болды. Басқада жағымсыз антропогенді факторлар: ормандармен өсімдіктердің жойылуы, мал шаруашылығын шектен тыс көп жайылымдарда жайылуы, топырақты өңдеудің көп түрлілігі т.б.

1. Топырақты негізгі ластаушылар, олар: (улы химикаттар) пестицидтер.
2. Минералды тыңайтқыштар.
3. Өндіріс қалдықтары мен төгінділері.
4. Заттарды ластаушы газды тұтқыштардың атмосфераға таралуы.
5. Мұнай және мұнай өнімдері.

Топырақтын жаһандық бұзылуы және бүтіндей алғанда қоршаған ортаның да ауысу себептері болды, ол дегеніміз – топырақтың өзгеруі, өсімдіктердің және биологиялық азықтардың төмендеуі, экстремалды жағдайда осы жоғарыда айтылған себептердің бари биосфералық потенциалдың құлдырауына және бүткіл территорияның бос шөл далаға айналуына басты себепші болуы абден мүмкін. Бүкіл жер бетінің 1 млрд гектарға жуығы бос далаға айналған. Шөл далаға айналудың негізгі себептері әр түрлі. Бірнеше факторлардың қосылыстары бос шөлейттің туындауына алып келеді. Құрғақшылыққа ұшыраған жерде арине топырақтың физикалық құрамы нашарлай түседі, өсімдіктер өледі, жердің соры шығады, биологиялық азық болатын заттардың қарқындылығы төмендейді, экожүйелердің мүмкіншілігі артады. БҰҰ қоғамының баяндамасында топырақтың бостануына басты себепші факторлардың бірі – ол табиғаттың ұзақ уақыт бойы тарихи үдерістерге ұшырауынан болған себептерден және адамдардың

өмір сүру қалпы екеуі қосылып біріне-бірі әсер етіп, табиғат ортасының өзгеруіне алып келеді. ТМД мемлекеттерінің ішінде құрғақшылыққа ұшыраған елдер олар Арал маңы, Балхаш маңы, Қалмықтағы Қара жер және Астрахань облысы және басқада көптеген елді мекендер. Олардың барлығы экологиялық аймақтарға жатады және олардың жағдайы барған сайын қиындауда.

9.1 Мәтіндегі термин сөздердің түсіндірмесін жазыңыз.
9.2 Мәтіндегі күрделі сөздерді табыңыз.
9.3 Мәтін сөйлемдерін өзгертіп, қыстартып мазмұндаңыз.

10-тапсырма. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

Цифрлы Қазақстан – жаңғыруға бастайтын қадам

Әр дәуірдің өз талап-тілегі бар. Жаһандану дәуірі есік қаққалы жұрт жаңа технологияның тілін меңгеруге көшкен. Заманның көшінен қалмау – уақыт талабы. Осы тұрғыда қабылданған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізеді. Сонымен қатар, IT бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады. «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат», – деді Елбасы өзінің Жолдауында.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталын жақсартуға, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталады. Бағдарламаның 4 негізгі бағыты бар. Бірінші – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру. Төртінші – IT мамандарды даярлау. Тұтастай алғанда, бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 процентке дейін арттыру, тұрғындардың 95 процентін цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 процентке дейін арттыру көзделуде.

Цифрлы технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы

жылдары-ақ батыл енгізіле бастады. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынды. Компьютерлер кеңседе де, үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланылып, ақпаратпен орындалатын кез келген жұмыс компьютер көмегімен жүзеге асырылатын болды. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды. Президенттің Жолдауында елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиістігі баса айтылды. Ал ол үшін, ең алдымен, тағы сол IT саласына басымдық беріледі. Жалпы, Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру жұмыстары осыдан он жыл бұрын сәтті басталған. Оған мысал – «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе аласыз. Құжат ресімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Бұл істер алдағы кезде одан әрі жетілдіріле түседі. «Цифрлы Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Бағдарлама ІЖӨ-дегі IT-секторының үлесін 2020 жылға дейін 5 процентке жеткізуді жоспарлап отыр. IT-секторында 150 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Еңбек өнімділігі 37 процентке жеткізіледі. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да басты міндет, ол 85 процентке дейін жеткізілетін болады.

10.1 Мәтіндегі түсініксіз сөздердің орысша баламасын табыңыз.

10.2 Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, хабарлы сөйлем түрінде жоспар құрыңыз.

10.3 Мәтінді өз ақпаратыңызды қосып, мазмұндаңыз.

11-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Кәсіби тіл. Арнаулы лексика: термин сөздер мен кәсіби сөздер

Кәсіби тіл – белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.

Кәсіби тіл – өзіне тән тілдік құралдардан, яғни терминдерден, кәсіби сөздерден, жаргондардан тұратын, белгілі бір кәсіп, мамандықпен байланысты ортада (социумда) арнайы мақсатта қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын тіл. Белгілі бір кәсіп (мамандық) аясында орнаған қарым-қатынаста ортақ тақырып, ортақ мазмұн болса, ондай қарым-қатынас кәсіби тіл арқылы жүзеге асады.

Кәсіби тілде оқыту болашақ маманның қалыптасуы үшін білім алушылар мамандығына сәйкес оқып, яғни мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды меңгеруі керек.

Арнаулы лексика дегеніміз қоғамдағы өзара ыңғайлас әртүрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, қызметіне, шұғылданатын кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздер мен сөз қолданыстары (сөйлемше я сөз

тіркестері). Арнаулы лексика жалпыұлттық лексиканың құрамына кіреді, бірақ оның да қолданылуы диалектизмдер сияқты шектеулі.

Арнаулы лексика екі салаға бөлінеді:

а) кәсіби терминология;

ә) кәсіби сөздер.

1. Кәсіби терминология дегеніміз ғылым, техника, өндіріс т.б. саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын дәл білдіру үшін жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Демек, термин сөздердің термин емес кез келген сөздерден ең басты айырмасы ғылым, техника т.б. саласындағы арнаулы ұғымдарды дәл анықтап білдіретіндігінде.

Терминдер мен атаулардың қазақша баламасын жасау мына сияқты жолдармен іске асқан:

1) Орысша терминдерге қазақтың ежелден белгілі төл сөздері мен олардан жасалған туынды сөздер балама ретінде қабылданған. Мысалы: *аманат* (наказ), *талу* (обморок), *сең* (льдина), *тұрақ* (стоянка), *парасат* (разум), *балама* (альтернатива), *әлеует* (потенциал), *алпауыт* (монополист) т.б.

2) Қазақ тіліндегі сөзжасам тәсілдері арқылы орысша терминдерге және жаңа ұғымдарға балама боларлық жаңа сөздер жасап, терминдер қатары толықтырылған.

3) Орыс тіліндегі бір ұғым қазақ тіліне әртүрлі аударылып берілген. Мысалы: *баланс – теңгерім, теңдестік; зона – аймақ, белдем; натяжение – керіліс* (физ.), *керілу* (тех.); *стадия – саты* (мед.), *стадия – кезең* (мед.) т.б.

4) Терминдер мен атауларға кейбір көнерген сөздер мен жергілікті сөздерді балама етіп қалыптастыру қабылданған. Мысалы: *айдауыл, жасауыл, кежеуіл, дулыға, ғимарат* сияқты көне сөздер *конвойный, есаул, телохранитель, шлем, здание* сөздеріне; *шұрат, кесене, кеден, кәуап, сәлбен, майқаңбақ, шалғам, шалқан* сияқты жергілікті сөздер *оазис, мавзолей, таможня, шашлык, щалфей, верблюдка* (бот.), *редис, репа* сөздеріне балама ретінде берілген.

2. Кәсіби сөздер. Арнаулы сөздердің бір түрі – кәсіби сөздерге жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі кәсіп я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын, соларға түсінікті сөздер мен сөз тіркестері жатады. Мысалы, балық шаруашылығына байланысты қабадан ау (талдан иіп жасалған аудың бір түрі), ақаншы (қызыл балық аулаушы адам), инелік (ау тоқитын ағаш ине), азына (адам отыру үшін қайыққа салынған көлденең тақтай) т.б. сөздер осы кәсіппен айналыспаған басқа жердің адамдарына түсініксіз. Бұл жағынан кәсіби сөздер термин сөздерге жақын. Термин сөздерді белгілі бір ғылым, техника саласындағы мамандар ғана болмаса, басқа көпшілік қолданбайды. Бірақ ол екеуінің жасалуында түбірлі айырмашылық бар. Термин сөздер ғылым, техника салаларының дамуына байланысты ғалымдар, мамандар жасап жасап қалыптастырған сөздер. Ал кәсіби сөздер олай емес, белгілі кәсіп түрлерімен шұғылдануға байланысты жергілікті халықтың өз арасында туған сөздер.

Кәсіби сөздерді белгілі бір территорияны мекендеуші тұрғындар қолданса, терминдердің қоданылуында ондай территориялық шек болмайды. Термин сөздер әдеби тіл лексикасының құрамына кіреді, ал кәсіби сөздердің бәрі бірдей оған кіре бермейді.

3. Кәсіби жаргон (сленг) дегеніміз – белгілі бір іс, жұмыс, кәсіппен, т.б. айналысатын адамдар тобы жиі қолданатын ұғымдар мен терминдердің (әдетте, жалпы қабылданған терминдер өте күрделі және ауызекі сөйлеу тілінде қолданысы қолайсыз болып келеді) қарапайым сөздер (қысқартылған немесе бейнелі) арқылы беру негізінде қалыптасқан тілдік бірліктер жиынтығы болып саналады.

11.1 Арнаулы лексика дегеніміз не?

11.2 Арнаулы лексиканың негізгі салаларын атаңыз.

11.3 Терминдер мен кәсіби сөздердің айырмашылығы неде? Мәтіндегі кәсіби термин, сөз, жаргон ұғымдарының мәнін ашыңыз.

11. 4 Төменде берілген жаргондардың кімдерге қатысты екенін табыңыз.

Болванка – бос CD немесе DVD диск
Моник – монитор
Клава – пернетақта
Флэха, фляга, флэшка – флэш құрылғысы (картасы)
Червяк – желілік вирус
Мамка – аналық тақта
Видяха, видноха – видео карта

«Типаж болу» - менменсу, бұл тіркеске синоним «блатной болу»
«Косякқа кіргізу» - қолайсыздыққа тап болу
«Құлаққа лапша ілу» - өтірік айту
«Қуғынбай» - бос сөзді көп сөйлеу
«Крышасы бар» - тірегі бар
«Миды шіріту» - бос сөзді көп айту
«Кадр» – іс-әрекеттері күлкілі адам
«Повышка» – повышенная стипендия, «жоғары шәкіртақы»
«Универ» - университет

12-тапсырма. Берілген ақпаратты оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Ғылыми-көпшілік және ғылыми-техникалық аударма

Ғылыми аударма және ғылыми-техникалық аударма түрі бар. Бұлардың аудармасын жасау үшін аудармашы алдымен ғылыми-техникалық ақпараттан хабардар болуы тиіс.

Ғылыми-техникалық ақпарат үш ағымға бөлінеді:

1) Патенттік әдебиет – ақпарат алмасудың негізгі түрі, қалай болғанда да ол ғылым мен техника саласындағы жаңа дүниенің бәрі патент сипатында және оның туындылық түрінде ресми құжатталынып тіркелінеді.

2) Ғылыми-техникалық ақпарат алмасу үшін арнайы тағайындалған мерзімдік кезең, мәселен, салалық бюллетендер, мазмұнды рефераттар, түйіндеме және атауы, салалық ғылыми-техникалық журналдар, арнайы сипаттағы пікірталастық өзекті мәселе көтерген есептік мақалалар, тақырып атаулары тізімделген библиографиялық көрсеткіштер, өнертапқыштық және өндіріс өнімдерінің заттары, сондай-ақ аталған сала бойынша түйіндеме мен тақырыптық шолу.

3) Әртүрлі мерзімдік және мерзімдік емес басылымдар және басқа да ғылыми-техникалық ақпарат алмасу үшін арнайы бекітілмеген, алайда осы мақсатта пайдалана беруге болатын ақпарат көздері: мысалы, арнайы кітаптар мен журналдар, жарнамалық материалдар, нұсқаулар және сол тектес арнайы ақпараттық көздер.

Ғылыми және техникалық материалдардың терминологиямен сәйкестік табуы аудармашыдан терминологияны өте жақсы білумен қатар, аударма процесінде өзара қызмет жасайтын екі тілдің лингвистикасын, тілдік құрылымын жақсы білуді талап етеді. Оларды орынды, дұрыс қолдана білу аудармашының қабілеттілігіне байланысты.

Ғылыми-техникалық сипаттағы арнайы мәтіндер аудармасы арнайы қызметтік әдістемелер арқылы жүзеге асырылуымен бірге, көркем әдебиет аудармасынан дәлдігімен, ықшамдылығымен, қысқалығымен, айқындылығымен, жинақылығымен ерекшеленеді. Ғылыми аударма термині жиі қолданыла отырып, өзінің мағынасы жағынан «ғылыми-техникалық аударма» терминімен сәйкеседі. Дәл сондай мағынаға техникалық мәтіндер аудармасы да ие болады.

Ғылыми және техникалық мәтін белгілі бір ғылым, техника саласына негізделеді. Кез келген ғылым, техникалық мәтін зерттеу еңбекті ғылыми түрде мазмұндауға арналған қалыпты сөздер жиынтығымен, ережелермен, қосымша белгілер жүйесінің бай қорымен бір-бірінен ерекшеленеді (бұған техникалық мәтін, түрлі сұлбалар мен сызулар қосылады). Ғылыми мәтінді жазудың қатаң заңдылығы бар, белгілі бір синтаксистік, морфологиялық құрылымдары, бірыңғай орамдағы сөздер, бірыңғай стиль қалыптасқан. Мұнда басы артық сөз болмайды. Әрқайсысы қаланған кірпіштей өз орнында тұрады. Әр сөз ғылыми, техникалық шығарманы сипаттау, талдап түсіндіруге бағытталады. Ғылыми мәтіннің когнитивтігі ақпаратты жеткізуге арналған. Мұндағы сөйлемдер құрылымы күрделі және олар сөз жасау моделі бойынша құрылады. Әр сөздің деректілігі, ақпараттық мағынасы бар. Ең бастысы терминдер жиі кездеседі. Терминдерді бар мағынасындағы сәйкесетін баламалармен аудару керек. Мағыналық жақындықтағы сөздер термин қызметін атқара алмайды. Мұнда терминологияның жалпы ғылыми қабатын құрайтын лексикалар қолданылады. Ғылыми-техникалық мәтіндердің негізгі ерекшеліктері:

- эмоционалдық бояудан айырылуы;

- қазіргі заманғы жазба әдеби норманың бейтарап нұсқасына жатқызылатындығы;

- стилистикалық тепе-теңдіктегі синонимдерге бай екендігі.

Мысалы, «маңызды рөл атқарады», «маңызды мәнге ие», «маңызды сипат алады» т.б. синонимдік орамдар. Мұнда қысқартулар да қолданылады. ЭКГ – электрокардиограмма, ҒТБ – ғылыми-техникалық бағдарлама т.б.мәтіндегі синтаксистің күрделілігі аудармада ұқыптылықты талап етеді. Ең бастысы аудармада олардың логикалық құрылымы жағынан тұтастығын, байланысын бұзбау. Сондықтан аударма логика жағынан қисынды, тұжырымды, дәлелді болуы тиіс. Ғылыми мәтін түсінікті, айқын, нақты сипатымен тез меңгеріледі. Ойға тез қонады.

Ғылыми аударма арнайы ғылыми мәтіндер аудармасынан тұрады. Ғылыми әдебиет аудармасында аударма аталған тіл нормасына сәйкес келуі тиіс.

Техникалық әдебиетті аудару аударма түрінде алдыңғы орында аударылатын мәтіннің сипатын, негізін, мәнін түсінуден келіп шығады. Қай салада қабылданып, бекітілген стандартты терминологияны қолдануға айрықша нұсқау жасалады. Сипаттамалық аударма қазақ тілінде аталған термин сөздің баламасы жоқ жағдайда ғана қолданылады.

Техникалық әдебиет аудармасы үлкен техникалық білімді, ғылымның жетістіктерімен жете танысуды, сол салаға мамандануды болмаса терең хабардар болуды қажетсінеді. Сондай-ақ аудармашының сенімді көмекшісі ғылыми-техникалық сөздіктер болып табылады.

Ғылыми-техникалық мәтінге ғылыми мақалалар, монография, техникалық сипаттама жатады. Әр саланың өзіндік қолданылатын қалыпты стилі, термині, мәтіндік құрылымы болады. Бұл саладағы шығармаларды аударуға сөздік те аздық етеді, кәсіби маман біліміне, тәжірибесіне де сүйенген дұрыс. Ғылыми мәтіндер қатаң морфологиялық және синтаксистік құрылымға ие, сөздің бірыңғай орамдары, біркелкі стиль қалыптасқан. Терминдерді мағынасы жағынан жақын сөздермен ауыстыруға жол берілмейді. Ғылыми-техникалық еңбектер аудармасында артық сөз қолдану қателікке әкеп соғады. Қысқарған сөздердің мағынасын бастапқы мәтіндерінде жақшаға алып, толық нұсқасын жазу артық болмайды. Ғылыми мәтіннің коммуникативтік міндеті – білімнің белгілі бір саласына сай жаңа мәліметтерді жинақтау. Аудармашының ғылыми жұмыс, зерттеу, монографияның жалпы мазмұнымен терең танысуы, оны жақсы меңгеруі істің нәтижелілігін береді. Ең бастысы аудармаға ұдайы ізденіс, психологиялық, кәсіби әзірлік керек.

Ғылыми-көпшілік мәтінді аудару ғылыми-техникалық аудармаларға қарағанда оңай. Алайда мүлде жеңіл деуге де болмайды. Кейде мұнда шұбалаңқы сөйлемдер, күрделі бірліктер, тіркестер, анағұрлым ұзақ ережелер, пайымдаулар, жаттығулар, түсіндірмелер басым болуы мүмкін.

Мұнда синтаксистік құрылымдар тұтастай қарапайым, алайда коммуникативтік тапсырма күрделі, өйткені оның құрылымы әр алуан сипатты. Мұның міндеті – оқырманға танымдық ақпаратты жеткізу әрі бір мезгілде соған тарта білу.

12.1 Ғылыми-техникалық ақпараттың ағымдарын атаңыз.
12.2 Ғылыми-техникалық мәтін несімен ерекшеленеді?
12.3 Ғылыми-техникалық мәтінді аударушыға қандай талаптар қойылады?

13-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Жарнама мәтіндері және оның түрлері

Жарнама мәтіндерінің негізгі мақсаты нарықта идеялар, қызмет түрлері және тауарлардың өткізілуін арттыру үшін оларды таныстыру болып табылады. Мұндай мәтіндердің үлгісі ретінде журналдардағы мақалаларды, радиороликтер немесе бейнепрограммаларға арналған мәтіндерді, интернет-магазиндердегі тауар карточкасындағы жарнамалық хабарландыруларды, сондай-ақ өнімнің қаптамасындағы сипаттаманы айтуға болады.

Жарнама мәтіндерінің бірнеше түрлі жіктелімі бар. Жарнама хабарландыруларын ақпараттық, айтулы (беделді), түсініктеме беретін және еске салатын деп бөлуге болады.

Ақпараттық жарнама. Жарнаманың бұл түрі негізінен алғашқы сұранысты тудырады, тұтынушы үшін белгілі бір өзіне тән құнды қасиеттері мен атрибуттары бар сауда таңбасын (бренд) есте сақтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ нақты өнімнің артықшылығын көрсетеді.

Айтулы (беделді) жарнама. Жарнаманың бұл түрі кішігірім мәтіндермен ұсынылады. Адам назарын негізінен кескіндер (изоброжение) арқылы аударады. Жарнаманың бұл түрін көлік жасаушылар, қымбат киімдер мен сәнді керек-жарақ (аксессуар) шығарушылар пайдаланады.

Түсініктеме беретін жарнама. Жарнаманың бұл түрі нақты тауардың артықшылығы туралы егжей-тегжейлі айтып беруге арналған. Бұл үшін мамандар мен сарапшылардың ой-пікірі жиі пайдаланылады.

Еске салатын жарнама. Оның негізгі мақсаты өнімді әп-сәтте, жылдам сату, тұтынушыны осы тауарды сатып алу арқылы қателеспейтініне көзін жеткізу. Бұл жағдайда сатып алушы жарнамаланған өнімді пайдалануды жалғастыра беретін болады.

13.1 Жарнама мәтіндерінің мақсаты не?
13.2 Жарнама мәтіндеріне нелер жатады?
13.3 Жарнама мәтіндері қалай жіктеледі?

14-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Жарнама мәтіндерінің стильдік ерекшеліктері

Қазақ тілінде әдеби тілдің бес – ресми іс қағаздары, ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стилі бар екені белгілі. Жарнамада негізінен көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стильдері қолданылад*ы*. Қажетіне қарай басқа да стильдердің тілдік құралдары тартылады (пайдаланылады). Бұл стильдердің тілдік құралдары күшті эмоционалды-экспрессивтік бояуымен жарнама мәтінін әлдеқайда мағыналы, қолжетімді етіп, оның оқылуы мен есте сақталуын арттырады. Жарнама хабарламасының тілі ауызекі (күнделікті) сөйлеу тіліне жақын, сондықтан жарнамада әртүрлі сөйлеу құрылымдары: күнделікті-тұрмыстық лексика мен фразеология, эмоционалды-экспрессивті лексика (жалғаулық, сұраулық, демеулік шылаулар, одағайлар), қыстырма, қаратпа сөздер т.б. жиі қолданылады. Жарнама хабарламасында синонимдер, жалпы тілдік нормативтен артып кететін сөз тіркестері де белсенді қолданылады. Үлкен ақпараттық жүктеме алып жүретін полисемия мен қысқа фразалар пайдаланылады. Кейбір жағдайларда жарнамада бір сөз кішігірім мәтінді де алмастыра алады.

Дегенмен жарнама хабарламасының тілі мақсатты аудиторияға да байланысты болады. Мысалы, қандай да бір техникалық тауарды күнделікті сөйлеу тілімен сипаттауға болар ма екен? Әрине, жоқ. Мамандар үшін ғылыми-кәсіби жағдайды ескере отырып, терминдерді де пайдалануға тура келеді.

Жарнама мәтініне сәйкес келетін бірнеше стильдік қағидаларды бөліп көрсетуге болад:.

1) Қысқалық. Артық сөзден, әсіресе, сын есімдерден арылу. Аз сөз – көп ақпарат.

2) Нақтылық және дәлдік. Жарнама барлық тауарды емес, жарнамаланған тауарды ғана сату үшін керек.

3) Қисындылық (логичность). Жарнама мәтінінде сөйлемдер бір-бірімен қатаң байланысқан болу керек.

4) Сендірерлік. Негізгі ойды тақырыпта айту керек. Мәтіннің өзінде мақсатты аудитория үшін өзекті дәлелдерді анық және ретімен жүйелі орналастыру керек. Тұтынушының көкейіндегі сұрағына жауап беру керек.

5) Қарапайымдылық және қонымдылық. Мәтінді орта интеллектілі қабілеті бар адам жеңіл түсіне алатындай болу керек. Күнделікті дағыды бойынша айтылатын сөздерді қолданыңыз: оларды жақсы түсінеді және есте сачқтайды. Сондай-ақ мақсатты аудитория үшін түсінікті тілде айтыңыз.

6) Ерекшелігі (оригинальность). Жарнама хабарламасы қызығушылық туғызып, есте сақталу керек. Ұзақ, жалықтыратын санамалаулардан бас тарту қажет. Оқырманның назарын аудару үшін қисынды шамада сөздің керекті

жерін жасырып қалуға да болады.

7) Мәнерлілік (выразительность). Бұл әсерлі жарнамалық мәтін үшін өте маңызды шарт. Жарқын бейне тудыратын сөздерді, эмоционалды-экспрессивті сөздерді (троптар – метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, гипербола, литота, салыстыру, кейіптеу, ирония, сарказм, эвфемизм т.б., тілдік фигуралар – антитеза (қарсы қойып салыстыру), қайталаулар, анафора (басын қайталау), эпифора (соңын қайталау)) қолдану. Мысалы, «өте жақсы» дегеннің орнына «таңдаулы», «алғашқы», «классикалық», «тамаша», «асқан» т.б. сияқты синонимдерді қолдануға болады.

14.1 Жарнама мәтіндерінде қандай стильдер қолданылады?

14.2 Жарнама мәтіндеріне қойылатын қағидаларды айтыңыз.

14.3 БАҚ-тан жарнама мәтінін тауып, стилін және тілдік құралдарын анықтаңыз.

15-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Жарнама мәтінінің құрылымы

Жарнама мәтіні қайда орналастырғанына (журнал, газет, теледидар, интернет), тыңдайтын, еститін, көретін аудиторияға байланысты болады. Жарнама берушілер жиі қолданатын мынадай классикалық мәтін формалары бар:

1) Тақырыпат, атауы (заголовок). Барлық жарнаманың табыстылығы немесе сәтісіздігі осы элементке байланысты. Өнімді сатып алуға мүмкіндігі барлардың назары дәл осы тақырыпқа аударылады.

1. Сұрақ тақырып. «Сіздің балаңыз күш-қуатты неден алады?».
2. Жаңалық тақырып. «Балалар тағамындағы «жаңа» сөз» (Агуша).
3. Ұран тақырып. «Жаңа таң — жаңа арман!» (Pampers).
4. Жарлық (әмір) тақырып. «Өзіңді барынша жарқырата көрсет!» (Dove).
5. Шытырман тақырып (гипербола) «Уақытты тоқтату сіздің қолыңызда» (косметика).
6. Қаулы (шешім)-тақырып. «Енді тұмауратуға жол жоқ!» (Долфин тамшылары).
7. Тосын тақырып (парадокс). «Үшіншісін таңдасаң да – сен бәрібір біріншісің» (3-топтамалы (сериялы) БМВ).
8. Теріске шығару тақырыбы (контраст). «Әлемді өзгертпейді, бірақ көңіл-күйді өзгертеді» Гринфилд шайы).

2) Ұран. Өнімді өндіруші және оның дұрыс жақтары, сапасы туралы көбінесе осы шағын сөз орамында (фраза) айтылады. Маңызды бір нәрсе жайында хабарлап, жарнаманың келесі бөлімін оқуға итермелейді. Мысалы:

«Мен.kz» — интернет-дүкен
Сенде жоқтың бәрі «менде» бар!

«Ищща» тоңазытқыштары
Сеспей «қатырады»!

«Bosstық» рекрутинг агенттігі
Сен де бір кірпіш дүниеге, «Bosstық»-ты тап та, бар қалан!

Өтіріктің аяғы бір-ақ тұтам…
«Жүзіқара» — детективтік агенттігі ұсынады:

3) Мәтін. Нақтылы тауар және оның ерекшелігі туралы тұтынушыға айтатын жарнаманың негізгі бөлімі. Тауар туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді.

4) Дүмпу, жаңғырық сөз орамы (эхо фраза). Бұл элемент жарнама мәтінінің ең соңында айтылып, алдында айтылған негізгі ойларды қайталап, тұтынушыны әрекетке шақырады. Дүмпу сөз сатып алушыға тағы да бір рет тауардың құндылығын еске салу үшін керек. Психологтар анықтағандай, мәтіннің дәл осы бөлімі есте бәрінен де жақсы сақталады.

15.1 Жарнама мәтінін қандай бөліктерге бөлуге болады?

15.2 Жарнама мәтінінің қандай тақырыптары болады?

15.3 Мәтінді негізге алып, мамандығыңыз бойынша бір құрылғын жарнамалау үшін әртүрлі тақырып ойлап табыңыз.

15.4 Берілген жағдаяттар бойынша жарнама мәтінін құрастырыңыз.

1) Сіз тұрмыстық техника сататын дүкеннің иесісіз. Вы являетесь владельцем магазина бытовой техники. «Айна» газетіне дүкеніңіздің ашылуы туралы жарнамалық хабарландыру беріңіз.

2) Сізге бұрын қолданылған және жаңа, әйгілі фирманың кір жуатын машинасын сату керек. Жарнамаңызды әртүрлі БАҚ-қа беріңіз: «Айна» газеті, «MANO.KZ», «OLX» сайттары.

3) Сізге белгілі фирманың ескі үтігін сатуға тура келді. Жарнамаңызды әртүрлі БАҚ-қа беріңіз: «Айна» газеті, «MANO.KZ», «OLX» сайттары.

4) Қысқа толқынды пеш туралы жарнамалық бүктеме (буклет) құрастырыңыз.

5) Сізге жаңа мультипісіргіш сатуға тура келді. Көпшілікке осы тұрмыстық техниканың жаңа үлгісі туралы таныстырылым (презентация) жасаңыз.

16-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Аңдатпа

Аңдатпа латын сөзі, «ескерту» дегенді білдіреді. Аңдатпа – еңбектің, құжаттың сипаттамасы, еңбекке, оның бөліктеріне (үзінді), бірнеше құжатқа жазылады. Құжаттың, еңбектің мақсаты (кімге, неге арналған), мазмұны, формасы мен басқа ерекшеліктері қамтылып сипатталады.

Аңдатпа функционалдық стильдің, ғылыми және техникалық әдебиеттің бір жанры болып табылады. Оның өзіндік ерекшеліктері бар.

Аңдатпа ақпарат көзі, еңбек туралы жинақтаған қысқа сипаттама береді және алғашқы құжатта не туралы айтылатынына жауап береді.

Аңдатпа реферат сияқты еңбектің мазмұнын ашпайды, тек оның мазмұны туралы жалпы түсінік береді.

Аңдатпа оқырманға оған белгісіз еңбек туралы алдын-ала түсінік, хабар беріп, қажетті ақпаратты, еңбекті іздеп табуға көмектеседі.

Аңдатпаның мынандай түрлері бар: анықтама-аңдатпа, кепілдеме-аңдатпа, арнайы, аналитикалық, топтық т.б.

Аналитикалық аңдатпа еңбектің қажетті тараулары, тараушалары мен беттеріне беріледі.

Арнайы аңдатпалар көбіне анықтама сипатында болады.

Кез келген аңдатпа екі бөлімнен тұрады:

- библиографиялық сипаттау;
- аңдатпа мәтіні.

Библиографиялық сипаттау (сипаттама) еңбек туралы алғашқы хабарды береді және мемлекеттік қалыпқа сәйкес құрастырылады.

Аңдатпа мәтіні библиографиялық сипаттауда берілген хабарды толықтырады және еңбектің мазмұны, оның авторы, еңбектің жетістіктері туралы баяндайды.

Аңдатпаға, әсіресе анықтамалық аңдатпаға қойылатын негізгі талаптар:

- аңдатпа композициясы логикалық жүйелі, аңдатпа берілетін еңбектің композициясынан өзгеше болуы мүмкін;
- аңдатпаға алынатын мәліметтер, олардың қалыптасуы мен орналасуы аңдатпа берілетін еңбектің мазмұны мен сипатына, кімдерге арналғандығына байланысты;
- аңдатпа тілі әдеби, қарапайым, анық, абзацсыз болуы керек;
- аңдатпаның орташа көлемі 500 баспа белгі болуы тиіс, тек кейбір жағдайларда 800-1000 баспа белгіге жетеді.

Егер де аңдатпа беріліп отырғани еңбек жаңа немесе аз зерттелген мәселеге арналса, кейде қарастырылатын мәселе туралы қысқа мағлұматтар беріледі және егер онда жаңа терминдер берілетін болса, оларға түсініктеме беріледі.

Аңдатпада қолданылатын тілдік қолданыстар:

- құжатта;
- монографияда;
- кітапта;

- кітапшада;
- жинақта;
- аталған шығармада;
- жұмыста;
- аталған шығармада.

	бірінші	
құжаттың	екінші	
мақаланың	үшінші	тарауында
монографияның	аталған	
	осы	

кітаптың	бірінші	
кітапшаның	екінші	бөлімінде
жинақтың	үшінші	

қандай мәселе, теория, принциптер, нәтижелер, әдіс, негізгі мәселелер, көқарастар т.б.	- талданады
ережелер, идеялар, көзқарастар, мазмұны т.б.	- баяндалады
сұрақтар жиынтығы, әсері, қолданысы т.б.	- зерттеледі
жүйе, заңдылықтар, ерекшеліктер, фактілер	- сипатталады
негізгі идея, әсері, мүмкіндік	- көрсетіледі
мәселе, сұрақ, бағыт	- талданады
принцип, негіз, мысал, бағыт, мәлімет, рөлі, қорытынды	- қарастырылады
зерттеулер, мәліметтер, нәтижелер, талдаулар	- ұсынылады

16.1 Аңдатпа дегеніміз не?
16.2 Аңдатпаның қандай түрлері бар?
16.3 Аңдатпадағы тілдік қолданыстарды айтыңыз.
16.4Келтірілген мәліметтерді пайдаланып, мамандығыңызға байланысты ғылыми мәтінге аңдатпа құрастырыңыз.

17-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Әдеби тіл және оның стильдік тармақтары

Тіл - адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы. Қазақ тілі - қазақ халқының ұлттық тілі. Қазіргі қазақ тілі - қазіргі өмір сүріп

отырған ұрпақ тілі. Қазіргі қазақ тілі - бұл көркем әдебиет тілі, ғылым тілі, іс қағаздар тілі, публицистикалық және ақпараттың ерекшеліктері бар газет-журнал тілі, біз күнделікті қарым-қатынаста қолданатын ауызекі сөйлеу тілі.

Стильдер шығу тегі, қалыптасу негізіне қарай жинақталып, ресми-іс қағаздар, публицистикалық, ғылыми, көркем әдебиет стильдері топтастырылып кітаби-жазба стильдер деп аталып келді. Қазіргі тіл білімінде бұл функционалдық стильдер деген жалпы атпен аталады. Мұндағы функционалдық сөзі стильдердің қай салада жұмсалатындығын аңғартады. Мысалы, іс қағаздар - кеңседе, басқару саласында, көркем әдебиет стилі - проза, поэзия, драматургиялық шығармаларда, публицистикалық стиль - газет-журнал, радио, телевизия, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылады. Бұлардың сөз қолданысының мәтін құрылымының өзіндік ерекшелігі бар. Әр сөздің негізгі мағынасымен қоса қай стильде қолданылып тұрғанына қарай қосымша стилистикалық реңкі болады.

17. 1 Әдеби тілдің стильдерін атаңыз.

17. 2 Әр функционалдық стильдің жанр түрлерін атаңыз.

17.3 Мамандығыңызға байланысты ғылыми стильде бір құрылғыға байланысты жазылған мәтін тауып, оны басқа стиль түрлеріне сай құрастырып жазып көріңіз.

18-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Ғылыми стильдің ауызша формалары

Монологтік сөйлеу ұзаққа созылады, ортаға қыстырма сөздер қосылмайды, алдын ала көп дайындықты талап етеді. Әдетте бұл кең көлемді, күні бұрын ой желісіне салынып, қорытылған баян (мысалы, баяндама, шығып сөйлеулер, дәрісбаяндар т.б.).

Дайындық барысында мұндай баяндардың кей жерлері бірнеше рет іштен қайталанады, жоспары қайта түзілістерге түседі, орынды сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер іріктеліп, таңдалады, көп жағдайда ауызша сөйлеудің жоспары жазбаша түзіледі. Монологтік сөз құрылымы жағынан күрделі болып, ой толықтығымен көрінеді, баяндалуы бір ізді, қатаң логикалық талаптарға бағынады.

Сөзбен бірге қолдана отырып, вербалды емес белгілер де адамдардың өзара байланысты қызмет әрекетін ұйымдастыру үшін қажетті ақпарат алмасуын қамтамасыз етеді.

Ғылыми стильдің ауызша формасының ең бірінші белгісі, ол – нақтылық, дәлділік. Сосын кейін объективті дүние туралы неғұрлым өзіңізді қатыстырмай айту – ғылыми стильдің ауызша формасының бір ерекшелігі. Мысалы, өзінді қатыстырмай айту деген сөз – неғұрлым өзіңіздің сол айтып тұрған затыңызға қатысты көзқарасыңызды, эмоцияңызды білдірмеуге тырысу деген сөз. Одан кейінгі негізгі талаптардың бірі – сол сіз сөз қозғап отырған

мәселеге қатысты ұғым, түсінік, құбылыс – барлық атаулардың барлығын жүйелі түрде беру. Ғылыми стильде эмоция болмайды. Сөйлеу барысында бірінші жақтағы қолданыстарда «мен» деген есімдіктің орнына «біз» есімдігі жұмсалады.

18. 1 Ғылыми стильдің ауызша формасының ерекшелігі қандай?

18. 2 Мәтін бойынша түсінгеніңізді жүйелеп айтыңыз.

18.3 Берілген жағдаяттар бойынша көпшілік алдында сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін дайындаңыз:

а) Болашақ экологтер Алматыда атмосферасы өте ластанған аудандардың қатарына Ауезов ауданындағы Тастақ, Ақсай, Бостандық ауданы, Алмалы ауданы, Жетісу ауданындағы «Айнабулақ-3» ықшам аудандарын жатқызды және оның шешу жолдарын қарастырып, талқылады. Осы аталған мәселеге қандай ой айтасыз?

ә) Болашақ энергетиктер Қазақстанда балама энергия көздерін дамытудың әлеуеті аса жоғары екендігін және жел энергиясының қуаты ешқашан сарқылмайтыны, дегенмен, жыл сайын Қазақстанда энергияның бағасы өсіп жатқандығы туралы пікірлесті. Бұл жайында сіздің пікіріңіз қандай?

19-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Бизнес-жоспар

Бизнес-жоспар дегеніміз – бастайын деп отырған кәсіпкерлік ісіңіз туралы ұсақ-түйегіне дейін суреттейтін құжат. Жай сөзбен айтқанда сіз өз бизнесіңізде алға қойған мақсатқа апаратын жол сызбасы. Сондықтан да, бизнес-жоспар бұл:

1) Болашақ бизнесіңіздің немесе бизнес жобаңыздың негізгі мәселелерін суреттейтін құжат.

2) Бизнесті жүргізу барысында пайда болатын (кездесетін) барлық проблемаларды (қиындықтарды) талдау.

3) Пайда болатын проблемалардың (қиындықтардың) алдын ала шешімін табу.

Осыған байланысты бизнес-жоспар болашақ кәсіпкерге келесі мәселелерді шешуге көмектеседі:

1) Болашақ бизнестің нақты бағытын *(мысалы: сауда, өндіріс, қызмет көрсету саласы)* анықтауға.

2) Қандай нарықта (қалада, ауданда, ауылда) жұмыс істеу керектігін анықтауға.

3) Бизнесіңіздің қысқа (1 жылға дейін) және ұзақ (3 жылға дейін) мерзімді мақсатыңызды анықтауға; *(мысалы: бір жылда қандай мақсатқа жетуді көздеп отрысыз)*.

4) Қандай тауар сатумен немесе қандай қызмет көрсетумен айналысасыз, клиентеріңіз кімдер болады, кімдермен жұмыс істейсіз секілді меселелерді анықтауға.

5) Бизнесіңізді жүргізуге байланысты шығындарыңызды есептеп анықтауға.

6) Бизнесіңізді жүргізуде қандайда бір қосымша пайда әкелетін мүмкіндіктерді анықтауға.

7) Бизнесіңіздің маркетингтік іс-амал әрекетін *(жарнама, клиенттерді тартудың жаңа жолдарын табу және т.б.)* анықтауға.

8) Түсетін пайдаңызбен бизнесіңіздің қаржы жағдайын есептеп анықтауға.

9) Бизнесіңіздің күшті және осал (әлсіз) жақтарын анықтауға.

Сонымен қатар, бизнес-жоспар кәсіпкерге келесі сұрақтарға жауап беруге көмектеседі:

1) Қандай бизнесті таңдауға?

2) Сіз ұсынайын деп отырған тауарға немесе қызмет түріне сұраныс қандай болмақ?

3) Бизнесіңізді бастауға қандай ресурстар (ақша, адам, ғимарат) қажет?

4) Бизнесіңізді бастауға қанша ресурстар (ақша, адам, ғимарат) қажет?

5) Ұсынайын деп отырған тауар немесе қызметіңіздің бағасы қанша болады?

6) Шығындарыңыз қанша болады?

7) Бизнесті жүргізуден түсетін пайда қанша болады?

8) Бизнесіңіздің өзін-өзі ақтау (яғни салған ақшаның қайтуы) мерзімі қандай?

19.1 Бизнес-жоспар дегеніміз қандай құжат түрі?

19.2 Бизнес-жоспарды кім, не үшін құрастырады?

19.3 Бизнес-жоспарда қандай мәселелер қарастырылады?

19.4 Мәтінді басшылыққа алып, бизнес-жоспар үлгісін құрастырыңыз.

20-тапсырма. Мәтенмен танысыңыз.

Кәсіби салада іскери қарым-қатынас орнату

Іскерлік қарым-қатынас - адам өмірінің қажетті бөлігі, басқа адамдармен қарым-қатынастың маңызды түрі. Бұл қарым-қатынастардың басты реттеушілерінің бірі этикалық нормалар болып табылады.

Этика (грек тіл. ethos-әдет-ғұрып, адамгершілік) — мораль, адамгершілік туралы ілім. Этиканың маңызды санаттары: «жақсылық», «зұлымдық», «әділдік», «игілік», «жауапкершілік», «борыш», «ар-ождан» және т. б. болып табылады.

Мораль (лат. moralis-адамгершілік) — адам мойындайтын этикалық құндылықтар жүйесі. Мораль — қоғамдық қатынастарды нормативтік

реттеудің, қоғамдық өмірдің түрлі салаларында - отбасында, тұрмыста, саясатта, ғылымда, еңбекте және т. б. адамдардың қарым-қатынасы мен мінез-құлқының маңызды тәсілі.

Іскерлік қарым-қатынастың ерекшелігі оның қандай да бір өнімді өндіруге байланысты. Нарықтық қатынастар жағдайында - бұл ең алдымен барынша пайда табу.

Сөйлеу этикетін міндетті түрде сақтау — қоғам әзірлеген тілдік мінез-құлық нормаларын, этикеттік жағдайды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін типтік дайын «формулалар», сәлемдесу, өтініш, алғыс және т.б. (мысалы, «здравствуйте», «будьте добры», «кешіріңіз, рұқсат етіңіз», «сізбен танысқаныма қуаныштымын»). Бұл тұрақты құрылымдар әлеуметтік, жас, психологиялық сипаттамаларды ескере отырып таңдалады.

Өзара қарым-қатынас ретінде адамдар бір-бірімен байланыс орнатады, бірлескен қызмет, ынтымақтастық құру үшін белгілі бір ақпаратпен алмасады.

Сөздік:

тыңдаушы – слушатель

ғылыми-теориялық пайымдау – научно-теоретическое суждение

сөйлеу мәдениеті – культура речи

қоғамдық қарым-қатынас – общественное отношение

көпшілік – публика

құрылымдық бірлік – структурное единство

мағыналық жақтан аяқталуы – смысловая законченность

20. 1 Этика дегеніміз не?

20. 2 Мораль дегеніміз не?

20. 3 Іскерлік қарым-қатынастың ерекшелігі неде?

21-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Диалог

Диалог – сөз өнерінің негізгі жанрларының бірі және оның қалыптасып, дамуына тікелей әсер етеді.

Диалог та, сұхбат та іскерлік қарым-қатынаста жиі қолданылатын әңгімелесу түріне жатады. Диалог екі адам арасында сұрақ-жауап ретінде болатын қарым-қатынаста (интервью, ауызша емтихан) қолданылатын болса, сұхбат жиналыс, іскерлік кездесу, келіссөз, презентация, конференция, семинар т.б. сияқты екі және одан да көп адамдар арасындағы қарым-қатынаста қолданылады.

Сұхбаттың элементтері – әртүрлі ілікпе сөздер (репликалар). Олар бір сөз немесе бірнеше сөйлем болуы мүмкін. Ең жиі кездесетіні бір сөйлемді репликалар болып табылады. Репликалардың қосылуын, құрылымдық бірлігін, интонациясын және мағыналық жақтан аяқталып тұруын сұхбаттық бірлік деп атайды.

Қарым-қатынас кезеңдері.

Кіріспе бөлім:

- контакт орнату (танысу, басқа адамды түсіну);
- қарым-қатынас жағдайын бағдарлау, болып жатқан жағдайды ұғыну, кідіріске шыдамдылық.

Негізгі бөлім:

- қызықтыратын мәселені талқылау.

Қорытынды бөлім:

- мәселені шешу;
- контактіні аяқтау (одан шығу).

21.1 Сөз өнерінің негізгі жанрларының біріне не жатады?

21.2 Сұхбаттың элементтері дегеніміз не?

21.3 Қарым-қатынас жасау қандай бөлімдерден құралады?

21.4 Берілген жағдаят бойынша жұп болып диалог құрастырыңыз.

А. Сіз «Қазақстанда қалыптасқан экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары» атты семинарға қатысып отырсыз. Әріптестеріңізбен осы мәселе төңірегінде ой бөлісіңіз.

Ә. Өз өңіріңіздің экологиялық мәселелері және оны шешу жолдары туралы әңгімелеңіз.

22-тапсырма. Мәтінмен танысыңыз.

Кәсіби сөйлеу мәдениеті

Маманның мәдениеттілігі мінез-құлықтың, іс-әрекеттің интегралды көрсеткіші ретінде өз алдына және барлық құрамдас бөліктерінің бірлігі ретінде жинақталады.

Көптеген зерттеулерге сүйене отырып, тіл мәдениетінің бірқатар ерекшеліктерін көрсетуге болады. Атап айтқанда:

а) элиталық сөйлеу мәдениеті – қазіргі қоғамда өте сирек кездеседі. Онда тілдік, стильдік нормалар толық сақталып, кез келген қарым-қатынас жағдаяты мен кез келген салада еркін стильдік және жанрлық алмасулар болады;

ә) көптеген журналистерге, саяси қайраткерлер мен педагогтерге тән орташа әдеби сөйлеу мәдениеті;

б) ресми емес, еркін сөйлесулерде жақын адамдардың өзара қарым-қатынасына тән сыпайы-ауызекі сөйлеу мәдениеті;

в) жоғары білім алмаған, негізінен қала тұрғындарына тән қарабайыр сөйлеу мәдениеті;

г) диалекті сөйлермендерінің басын біріктіретін халық тілінің сөйлеу мәдениеті.

Нағыз тіл мәдениетін жетілдіру элиталық сөйлеу мәдениеті бар адамның сөйлеу нормалары мен ережелерін негізге алу керек. Тіл мәдениеті мәселелері, бір жағы стилистика, екінші жағынан, риторика мәселелерімен тығыз байланысты. Тіл мәдениеті әдеби тілдің орфоэпиялық (айтылуы, екпін), лексикалық, грамматикалық, стильдік, орфографиялық т.б. нормаларымен тығыз байланысты.

Қатысымның этикалық нормалары көбіне ұлттық сипатқа ие**.** Мысалы, Еуропа елдерінде құрмет белгісі ретінде есептелетін жағдайлар (кездесу кезінде әйелі мен туыстарының жағдайын сұрау) мұсұлман елдерінде дөрекі болуы мүмкін.

Сөйлеу мәдениеті жоғары тұлғамен тілдесу онымен тілдесушіге әрдайым жағымды әсер қалдырып, еркін түрде жүзеге асады. Егер бұл іскери адам болса, оның қолынан түрлі әрекеттер келеді, мысалы, байланыстар мен іскери келіссөздер жүргізе алады, адамдарға өз пікірін дәлелдей алады, тілдесушілерге әсер қалдырып сендіреді, ол өзі құжатты құрып, редакциялай алады, алғыс хат, құттықтау хат және презентациялық сөздерді құрастыра алады. Осылардың барлығы іскери адамдарға тән белгілер болып табылады.

Сол себепті осы қасиеттерге ие бола алатын, тиісті білім, білік, дағдыларын меңгере алған іскери адам қазіргі нарықтық қарым-қатынастар заманындағы өз қызметінің нәтижелілігі мен қызмет орнының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда сәтті болып, өзінің және ұжымының мүдделерін сақтаудың оң нәтижелерге жетуіне әкелер қасиеттердің бірі.

22.1 Мәтін мағынасына сәйкес сұрақтар қойыңыз.

22.2 Оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз: жоспарланатын жұмыс, атқарылатын жұмыс, орындалатын міндеттеме, берілетін тапсырма, жүзеге асырылатын шаруа, талқыланатын жоспар, тыңдалатын хабарлама.

22.3 Қазақ тіліне аударыңыз: планируемая работа, реализуемый план, выполненное задание, выполнимое поручение.

22.4 Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Қандай адамды іскер адам дейміз? Апталық жоспарға қандай жұмыстар ену керек? Жоспарланған жұмыс орындалмаса, не істеу керек? Апталық жоспар адамға не үшін қажет? Сіз бір аптаға /бір айға/ бір жылға жоспар жасайсыз ба? Сіз келесі күнді сағат бойынша жоспарлайсыз ба? Сіз жұмыс күнінің аяғында өзіңізге есеп бересіз бе? Сіз қалай ойлайсыз, апталық жоспарда қандай жұмыстарды көрсету қажет?

22.5 Төмендегі ойлармен келісесіздер ме, келіспейсіздер ме? Неге? Нақты дәлел келтіріңіздер.

1. Әр қызметкер өзіне ұнаған киімін кию керек.
2. Әріптестермен үнемі пікірталас жасап тұру керек.
3. Берілген тапсырманы жұмыс уақытында үлгермедіңіз. Жұмыстан кейін қалып істеу керек.
4. «Тұтынушы үнемі дұрыс айтады».
5. Жиналыс кезінде өз пікіріңді ашық айту керек.

6. Әріптестерге үнемі көмектесу керек.

7. Жұмысқа қай уақытта келу, кету маңызды емес, ең бастысы жұмысты уақытында аяқтау керек.

8. Басшының айтқаны әрқашан дұрыс.

23-тапсырма. Мәтінмен танысып, кәсіби салада қолданылатын тілдік оралымдарды табыңыз.

Кәсіби саладағы ресми-іскери, мамандық пен қызметке қатысты тілдік оралымдар

Жоспар, экономикада – мақсаты, мазмұны, көлемі, әдістері мен құралдары, орындалу мерзімі көрсетіліп, нақты кезеңге межеленген шараларды жүзеге асырудың белгіленген тәртібі мен реті. Жоспар мемлекет ауқымда, жеке өндірістік салалар, аймақтар, кәсіпорындар мен фирмалар деңгейінде жасалады. Оның болашақтық жоспар (ұзақ мерзімге арналғаны 10 – 15 жылға, орташа мерзімге арналғаны 3 – 5 жылға лайықталған), ағымдағы жоспар (1 жылдық), директивалық жоспар (орындалуы қатаң бақылауға алынатын) және индикативті жоспар (болжамға ұқсас ұсыныс, тапсырыс) деп аталатын түрлері бар. Жеке кәсіпорындар, фирмалар деңгейіндегі жоспар болжамдық көрсеткіштер мен оған жетудің нақты шаралары көрсетілетін бизнес-жоспар, қысқа мерзімдік жедел бағдарламалар түрінде әзірленеді.

Есеп – бірдеңенің болуын анықтау, оның заттай және ақшалай тұлғада өлшенуі, сандық және сапалық жағынана тіркелуі, қажетті ақпаратты жинау мен тіркеу жүйесі. Есеп бухгалтерлік, статистикалық және оралымды түрлерді біріктіретін бірыңғай жүйе болып табылады.

Қаржылық есептілік дегеніміз – кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық жағдайлары, қызметтерінің нәтижелері мен қаржылық жағдайларындағы өзгерістер туралы ақпараттар. Қаржылық есеп беру мына есептерден тұрады: бухгалтерлік баланс, пайда мен зиян туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, өз капиталындағы өзгерістер туралы есеп, есеп саясаты туралы ақпарат және түсіндірме жазба.

Мекемелер дайындайтын құжаттардың көп бөлігі ақпараттық-анықтамалық құжаттар болып табылады. Бұл құжаттар нақты істер туралы ақпараттардан тұрып, шешімдер қабылдау мен бұйрық сипатындағы құжаттарды дайындауға негіз болады.

Ақпараттық-анықтамалық құжаттар: Түсініктеме. Баяндау хат (докладные записки). Телефонограмма. Талап арыздар. Шағымдану. Шағым. Актілер. Сенімхат: ресми және жеке Шағымға жауап Факстер, электрондық пошта. Анықтамалар. Хаттар.

Сұраныс және ұсыныс заңы бойынша тауардың бағасы неғұрлым төмендеген сайын тұтынушының сатып алатын тауарларының саны көбейеді немесе керісінше. Бұл заң нақты ақиқаттармен дәлелденген гипотеза болып

табылады. Сұраныс және ұсыныс - микроэкономикадағы нарықтың бағасын белгілейтін экономикалық үлгі. Ол бойынша бәсекелестік нарықта тауар өлшемінің бағасы бір нақты тауар үшін немесе өзге де сауда элементтеріне сұраным мөлшері мен ұсыныс мөлшері тең болғанша өзгереді.

23.1 Мәтін мағынасына байланысты екеуара диалог құрастырыңыз.
23. 2 Сөйлемдерді жалғастырыңыз.
1. Төменде салдар берілген, себебін өзіңіз жазып көріңіз.
а) Күн мен түннің алмасуы болады... .
ә) ... тірі организмде ауру пайда болады.
б) ... дене өзінің формасын өзгертеді.
в) Өнім шығару ұлғайды... .
г) Техника адам болмысын билеп алды... .
2. Себептіліктің қандай салдарға әкелетінін жалғастырып жазыңыз.
а) Ғылым мен бизнестің берік байланысы нәтижесінде ... .
ә) Біз ата-аналарға мүмкіндігінше жазалаудан аулақ болуды ұсынамыз ...
б) Білім ошақтарындағы дұрыс оқытудың нәтижесіне байланысты ... .
в) Бесіктегі баланың денесі құрғақ болғандықтан ... .
г) Алғашқы көшірме аппараттары кең қолданысқа ие бола алмады, ...

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1 Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативті акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. Фил.ғыл.канд.автореф. – Алматы, 2006. – 24 б.

2 Мухамадиев Х. С. Пособие по научному стилю речи. Русский язык. – Алматы: Қазақ университеті, 2009 ж. – 200 б.

3 Айтбенбетова А. Қ. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама. - А., 2007.

4 Иманқұлова С. М. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 218 б.

5 Бегимбетова А. С., Расилова А. К. Экология және тұрақты даму. Бакалавр студенттеріне арналған дәрістер жинағы - мамандығы 5В073100 - Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау. - Алматы: АЭжБУ, 2015. - 44 б.

6 Шәрібжанова Ғ. Ғ. Кәсіби қазақ тілі. ЖОО-ға арналған оқу құралы. - Алматы: АЭжБУ, 2016. - 100 бет.

7 Тұрсынова Г.Т., Шүленбаева Ұ.Р. Кәсіби қазақ тілі: оқулық жоғары техн. оқу орынд. арналған. – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. - 338 б.

8 Ғ.Ғ. Шәрібжанова. Кәсіби қазақ тілі. 5В073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығы бойынша №1, 2 өздік жұмыстарды орындауға арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулықтар. – Алматы: АЭжБУ, 2017. – 33 б.

9 Бекітілген терминдер сөздігі: қазақша-орысша, орысша-қазақша. 15000-ға жуық термин. - А., 2009.

10 Қазақстанда еңбекті қорғау. - Алматы. №1-2, 2014.

11 Дюсебаев М.К. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері. Оқу құралы. – Алматы: АЭжБУ, 2013. - 83 б.

12 Смирнова Ю.Г. Русский язык. Грамматика технического текста: Учебное пособие. – Алматы: АУЭС, 2013. - 200 с.

13 Арпабеков С. Өмір-тіршілік қауіпсіздігі: Оқулық. - Алматы, 2004. - 25 б.

14 Қазақ және орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы - Сопоставительная грамматика казахского и русского языков. – Көкшетау: Келешек-2030, 2007. - 215 б.

15 Хасанұлы Б. Жизнь языка и язык жизни. Сборник статей // сост. Шаймерденова Н.Ж., Сабитова З.К., Алтынбекова О.Б., Акберди А.К. Под общ. ред. Н.Ж.Шаймерденовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 289 с.

16 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. - 230 б.

17 Төлеуп М.М. Кәсіби бағытталған тілде сөйлеу біліктілігін дамыту. Оқу құралы. – А.: АЭжБИ, 2006. - 77 б.

18 Күзекова З. Қазақ тілінің практикалық курсы (гуманит.). – Алматы: Ғылым, 2001.

19 Максимов В.И. Русский язык и культура речи. – М.: Гардарики, 2000. - 412 с.

Қосымша

20 Ивлев Ю. В. Логика [Текст] / - М.:МГУ, 1992. - 270 с.

21 Ярцев В.Н. Лингвистический энцклопедический словарь. – М .: Современная энциклопедия, 1990. - 440 с.

22 Иманғалиева Г. Типология диалогов. Фил.ғыл.канд.дисс. - Алматы, 1999. - 128 б.

23 Брыдина Г.В. Динамическая структура русской диалогической речи. Тверь, 1992. - С. 58-81.

24 Абдыкаримова Д.Б. Типология реплик казахского и русского диалогов. - А., 1999.

25 https://kk.wikipedia.org/wiki/ Қоршаған_ортаны_ қорғаудың_негізгі_ қағидаттары.

Мазмұны

Кіріспе..... 3
Экология тарихының дамуы..... 4
Биосфера және оның тұрақтылығы..... 6
Тұрақты дамудың концепциясы..... 7
Табиғи ресурстар және табиғи қорларды тиімді пайдалану..... 8
Табиғат қорын тиімді пайдалану принциптері..... 11
Атмосфералық ластанудың көздері мен түрлері..... 12
Атмосфералық ауаның нормативті сапасы..... 13
Шектік рұқсат етілген концентрациясы және су қоймаларындағы зиянды заттар құрамы..... 14
Топырақты қорғау..... 15
Цифрлы Қазақстан – жаңғыруға бастайтын қадам..... 17
Кәсіби тіл. Арнаулы лексика: термин сөздер мен кәсіби сөздер..... 18
Ғылыми-көпшілік және ғылыми-техникалық аударма..... 20
Жарнама мәтіндері және оның түрлері..... 23
Жарнама мәтіндерінің стильдік ерекшеліктері..... 24
Жарнама мәтінінің құрылымы..... 25
Аңдатпа..... 27
Әдеби тіл және оның стильдік тармақтары..... 28
Ғылыми стильдің ауызша формалары..... 29
Бизнес-жоспар..... 30
Кәсіби салада іскери қарым-қатынас орнату..... 31
Диалог..... 32
Кәсіби сөйлеу мәдениеті..... 33
Кәсіби саладағы ресми-іскери, мамандық пен қызметке қатысты тілдік Оралымдар..... 35
Әдебиеттер тізімі..... 37

2020 ж. жиынтық жоспары, реті 31

Шәріпжанова Ғ.Ғ.

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5В073100 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығы арналған әдістемелік нұсқаулық

Редактор Ж. Н. Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Г.И. Мухаметсариева

Басуға қол қойылды _ _ _
Таралымы 25 дана
Көлемі 2,5 есептік-баспа табақ

Пішімі 60х84 1/16
Баспаханалық қағаз №1
Тапсырыс ____ Бағасы 1250 теңге

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1